«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ ПО ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

14.02.2025 № 06-НҚ

Талдықорған қаласы

ПРИКАЗ

город Талдыкорган

«Күреңбел Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметасының қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22 - бабының 1 тармағының 1) және 9-1) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы ережесінің 249-1 тармағы және 601 тармағының 1) және 11) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кербұлақ ауданы «Күреңбел Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024-2028 жылдарға арналған суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 30-НҚ» бұйрығына келесідей өзгертулер енгізілсін.

- Кербұлақ ауданы «Күреңбел Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024-2028 жылдарға арналған суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 30-НҚ» бұйрығының №1, №2 және №3 қосымшалары осы бұйрықтың №1, №2 және №3 косымшаларына ауыстырылсын.

2. Кербұлақ ауданы «Күреңбел Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024-2028 жылдарға арналған суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 30-НҚ» бұйрығының калған тармақтары өзгеріссіз қалдырылсын.

000406

3. «Күреңбел Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифі мен тарифтік сметасы бекітілгендігі туралы мәліметті қолданысқа енгізуге дейін жариялап, тұтынушылардың назарына жеткізсін және ол бойынша Департаментті бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етсін.

4. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Күреңбел Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2025 жылдың 01 наурызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2 -тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысының м.а. **А. Турысбекова**

№1- қосымша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы "14" ақпандағы №06-нқ

"Күренбел Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер

Топтың атауы	Уәкілетті органың ведомствосымен бекітілген, *қосымша құн салығымен*				
	01.03.2025ж. бастап	01.07.2025ж. бастап	01.07.2026ж. бастап	01.07.2027ж. бастап	01.07.2028ж. бастап
Орташа тариф	157,49	157,78	158,06	158,36	158,79
халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процессінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыралтар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар – бірінші топ	109.74	109.94 НДС+12%	110.14 НДС+16%	110.34	110.64
Өзге тұтынушылар	244,78	245,22	245,66	246,12	246,79
Бюджеттік ұйымдар	563,04	564,06	565,09	566,14	567,79